

# **«ТЕМІРБАНК» Акционерлік қоғамының АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР («ТЕМІРБАНК» АҚ)**

Уәкілетті орган жариялаған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу инвесторларға анықтамалықта сипатталған акцияларды алуға қатысты қандай да бір кепілдемелерді беруді білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымы анықтамалығының тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы анықтамалықтағы ақпараттардың растығына, ондағы барлық ақпараттың дұрыстығына және инвесторлардың қоғамға және оның жарияланған акцияларына қатысты теріс ойда болмауына жауап береді.

**Алматы, 2007 жыл**

«Темірбанк» АҚ акциялары шығарылымының анықтамалығы (шығарылым Эмиссиялық құнды қағаздардың мемлекеттік тізіліміне А0026 нөмірмен енгізілген), "Темірбанк" АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген "Темірбанк" Акционерлік қоғамының орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу тәртібі және оларды төлеп алу кезінде акциялар бағасын анықтау әдістемесі туралы Ереже" № 2 қосымшамен толықтырылсын. (10 ақпан 2006 жылғы № 12 хаттама).

## №2 Қосымша

“Темірбанк” Акционерлік қоғамы  
акционерлері жалпы жиналысының  
2006 жылғы 10 ақпандағы № 12 хаттамасымен  
«БЕКІТІЛГЕН»

# "Темірбанк" Акционерлік қоғамының орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу тәртібі және оларды төлеп алу кезінде акциялар бағасын анықтау әдістемесі туралы

## ЕРЕЖЕ

### 1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңына және “Темірбанк” АҚ (бұдан әрі – Банк) Жарғысына сәйкес әзірленген және Банк орналастырған акцияларды “Темірбанк” АҚ (бұдан әрі – Банк) өтеуін төлеп алу тәртібін және оларды төлеп алу кезінде Банктің акциялар бағасын анықтау әдістемесін белгілейді.
2. Осы Ереже Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген.
3. Банктің әрекеттегі акционерлерінің осы Ережемен танысуға құқығы бар.
4. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:
  - 1) **Банк акциялары** – шығарылған және Банк акционерлері арасында орналастырылған, Банкті басқару және олар бойынша дивиденттер мен Банк таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ “Акционерлік қоғамдар туралы” ҚР Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды беретін жай және артықшылықты акциялар;
  - 2) **құнды қағаздардың қайталама нарығы** – орналастырылған құнды қағаздарды айналдыру барысында құнды қағаздар нарығы субъектілерінің арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар;
  - 3) **маркет – мейкер** – сауда ұйымдастырушылар таңдап алған және Банк акциялары бойынша (сұраным пен ұсыныстарды) екі жақты баға белгілеушілерді үнемі жариялау мен қолдауды міндетіне алған және сауда ұйымдастырушылардың ішкі

құжаттарына және маркет-мейкер қызметтерін көрсету үшін Банкпен жасалған шарт талаптарына сәйкес қызмет ететін сауда ұйымдастырушылардың мүшесі.

- 4) **Құнды қағаздардың ұйымдасқан нарығы** – эмиссиялық құнды қағаздар мен басқа да қаржы құралдарының айналым және сауда ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын мәмілелер саласы
  - 5) **Сауда ұйымдастырушылары** – “Қазақстан қор биржасы” АҚ немесе оның құқын иеленуші, және (немесе) құнды қағаздардың биржадан тыс нарығының бағасын белгілеуші ұйымы;
  - 6) **тіркеуші** – Банктің құнды қағаздарын құрастыруды, сақтауды және тізілім жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;
  - 7) **уәкілетті орган** – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган.
5. Банктің орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуы кейіннен оларды сату, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің құқықтарын сақтау мақсатында (Акционерге тиісті Банк акцияларын Банктің өтеуін төлеп алуы жөнінде міндеттер туындаған жағдайда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банк Жарғысына қайшы келмейтін басқа да мақсаттарда осы Ереже талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
  6. Банктің орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының акционерлері-бейрезиденттерінен өтеуін төлеп алуы Қазақстан Республикасының акционерлері-резиденттері үшін белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, жүзеге асырылады.
  7. Банктің өздері шығарған акцияларын осы Ережеде көзделмеген негіздер бойынша өтеуін төлеп алуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және (немесе) сауданы ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
  8. Осы Ереженің нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, сауданы ұйымдастырушының ішкі құжаттарының және маркет-мейкер қызметтерін көрсету үшін Банкпен жасалған шарт талаптарына сәйкес үзіліссіз бағаламаларды жариялау және қолдау бойынша өз міндеттерін орындау аясында Банктер шығарған акцияларды Банктің өтеуін төлеп алуына ықпал етпейді..
  9. Банк өтеуін төлеп алған акциялар Банк акционерлерінің жалпы жиналысында кворумды белгілеу кезінде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.
  10. Банктің өтеуін төлеп алған акциялары бойынша дивиденттер есептелмейді және төленбейді.

## **2 бөлім. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ БАНКТІҢ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

11. Осы Ереженің күші Банктің орналастырылған акцияларды мынадай жағдайларда өтеуін төлеп алуы кезінде ықпал етеді:
  - 1) **Банктің бастамасы бойынша;**
  - 2) **Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда акционердің талап етуі бойынша;**
  - 3) **Акционердің арызы бойынша.**

12. Мақсатқа сәйкес болған кезде Банк Басқармасының Банктің Директорлар Кеңесіне Банктің таратылған акцияларын Банктің өтеуін төлеп алуы туралы шешім қабылдауы жөнінде өтініш беруіне құқығы бар. Сонымен бірге, Банк Басқармасының өтінішіне акцияларды өтеуін төлеп алу жөніндегі ұсыныс қоса беріледі, онда мыналар болуы керек:
  - Банктің орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуының мақсатқа сәйкестігін және оның мақсатын негіздеу;
  - Банкке өтеуін төлеп алу үшін ұсынылған Банктің орналастырылған акцияларының саны мен түрлері;
  - Орналастырылған акциялардың өтеуін төлеп алу бағасы немесе өтеуін төлеп алу бағасын анықтау әдісі;
  - өтеуін төлеп алудың басқа да шарттары.
13. Басқарманың өтінішімен келіскен жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды Банктің өтеуін төлеп алуы жөнінде шешім қабылдауға құқылы.
14. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Ережеде қарастырылған жағдайларда Банктің орналастырылған акцияларын өтеуін төлеп алуына құқы жоқ.
15. Банк өтеуін төлеп алатын орналастырылған акциялардың саны олардың жалпы санынан бір пайыз артық болатын болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасағанға дейін Банк бұндай сатып алулар жөнінде өз акционерлерін “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінде немесе басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландырулар жариялау арқылы хабардар етуге міндетті.
16. Банктің өзінің орналастырған акцияларын өтеуін төлеп алуы жөніндегі хабарландыруда оның түрлері, олар өтеуін төлеп алатын акциялардың саны, өтеуін төлеп алу шарттары, Банк өтеуін төлеп алатын акцияларды сатуға тапсырыстар қабылданатын мерзім және акцияларды өтеуін төлеп алу жүзеге асырылатын және уақыты аяқталғаннан кейін Банк оларды өтеуін төлеп алудан бас тартатын мерзім жөніндегі мәліметтер болуы керек.
17. Банк акцияларды, тек белгіленген мерзім ішінде акция сатуға тапсырыс берген және акцияларды сатуға тапсырыс қабылдаған күн аяқталғаннан кейінгі күні сағ. 00<sup>00</sup> жағдай бойынша осындай болып табылған акционерлерден ғана сатып алады
18. Банк орналастырған акцияларды өтеуін төлеп алуға тапсырыстар қабылданатын мерзім аяқталған жағдайда, акционерлердің өтеуін төлеп алуға берген акциялар саны Банктің сатуға шығарған акциялар санынан асатын болса, бұл акциялар акционерлерден Банк есептеген үйлесім коэффициенті негізінде оларға тиісті акциялар санына үйлесімді түрде сатып алынады.
19. Банк өтеуін төлеп алатын орналастырылған акциялар саны орналастырылған акциялар жалпы санының жиырма бес пайызынан, ал орналастырылған акцияларды сатып алуға жұмсалатын шығындар Банктің меншік капиталы мөлшерінің он пайызынан аспауы керек:
  - 1) **Акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу кезінде** — Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерге өзіне тиісті акцияларды сатып алуын талап етуге құқық беретін бір немесе бірнеше шешімдерді Банк акционерлерінің жалпы жиналысында қабылдаған күндегі жағдай бойынша;

- 2) **Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу кезінде** – Банктің орналастырылған акцияларының өтеуін төлеп алу жөнінде шешім қабылдаған күндегі жағдай бойынша.
20. Өтеуін төлеп алынатын акциялар саны және Қоғамның акциялардың өтеуін төлеп алуға жұмсайтын қаражаттары осы Ереженің 19 тармағы 1) – 2) тармақшаларында көрсетілген шарттардың ең азынан аспауы керек.
21. Банк акционерлерінің акцияларын өтеуін төлеп алу жүзеге асырылатын үйлесім коэффициенттері мынадай болып есептеледі:
- $K = Q / Tq$** , бұнда:
- $K$**  – үйлесім коэффициенті;
- $Q$**  – Банк өтеуін төлеп алуға жариялаған акциялардың жалпы саны;
- $Tq$**  – Банктің орналастырған акцияларын өтеуін төлеп алуға жарияланған жалпы саны.
22. Банктің акционерден өтеуін төлеп алатын акцияларының түпкілікті саны акционердің өтеуін төлеп алуға жариялаған акциялар санын үйлесім коэффициентіне көбейту жолымен есептеледі. Егер, жоғарыда берілген есепті қолдану қорытындылары бойынша Банктің акционерден өтеуін төлеп алатын акциялар саны акциялардың толық санына тең келмейтін болса, онда Банктің бұндай акционерден өтеуін төлеп алатын акцияларының саны аз немесе көп жағына қарай дөңгелектенеді. Мысалы:
- Банк 100 000 орналастырылған акцияны өтеуін төлеп алуға ниетті.. Акционерлердің өтеуін төлеп алуға жариялаған акцияларының саны 135 000 акцияны құрайды. А акционері Банктің өзіне тиісті 12 акциясын сатуға жариялады. В акционері Банктің өзіне тиісті 38 акциясын сатуға жариялады. Демек:
- Банк түпкілікті есептескеннен кейін А акционерінен төмендегідей акцияларды өтеуін төлеп алады
1.  **$K = 100\ 000\ акцияға / 135\ 000\ акция = 0,74$ ; 2.  $0,74 \times 12\ акция = 8,88\ акция$ .**  
Бұл мәнділік көп жағына қарай дөңгелектенеді. Осындай жолмен, Банк А акционерінен 9 акцияны өтеуін төлеп алады.
- Өз кезегінде, Банк В акционерінен түпкілікті есептескеннен кейін төмендегідей акцияларды өтеп алады:
1.  **$K = 100\ 000\ акцияға / 135\ 000\ акция = 0,74$ ; 2.  $0,74 \times 38\ акция = 28,12\ акция$ .**
2. Бұл мәнділік аз жағына қарай дөңгелектенеді. Осындай жолмен, Банк Б акционерінен 28 акцияны өтеуін төлеп алады.
23. Банктің орналастырған акцияларын өтеуін төлеп алуы Банк акционердің жеке басы туралы мәліметтерді, оның іс-әрекетке қабілеттігін, Банктің акцияларының оған тиісті меншік құқығындағы акциялар санын білгеннен кейін, Акцияларды сату-сатып алу Шартына Тараптар қол қойғаннан кейін жүзеге асырылады.
24. Акцияларды алып тастау/есепке жатқызу жөніндегі бұйрықтар акционердің дербес шотынан Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі өтеуі төленіп алынған құнды қағаздарға арналған Банк шотына акцияларға деген меншік құқығын қайта тіркеуді жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.
25. Бұйрықтар бір данада, Сатып алу-сату шарттары екі данада (біреуі – Банкке, екіншісі акционерде қалады) толтырылады. Банк тарапынан қол қойылған бұйрықтар Банктің Бас офисі арқылы Тіркеушіге беріледі немесе Банктің аймақтық филиалымен не РКО-мен кері хабарланатын тапсырыс хат арқылы поштамен жіберіледі.

26. Тіркеушінің Бұйрықты қабылдап алушы маманы немесе Банктің бас офистің құнды қағаздар жөніндегі қызметкері не Банктің аймақтық филиалының қызметкері құжаттың дұрыс толтырылғандығын тексереді және оларды Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі мәліметтермен салыстырады.

**Егер, құжаттардағы деректемелер Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі деректемелермен сәйкес келмейтін болса, онда акционер деректемелерді өзгерту жөнінде бұйрық шығарады.**

27. Бұйрықтарды қабылдау Банк өтеуін төлеп алатын акцияларды сатуға тапсырыстар қабылдайтын барлық мерзім ішінде жұмыс күндері күн сайын жергілікті уақытпен сағ.9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

28. Акцияларды сатып алу-сату Шартында өтеуі төлеп алынатын акцияларға төлеу үшін ақшаларды қолма қол ақшасыз аудару үшін акционердің (жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның) банктік деректемелері туралы мәліметтер не акционерлер өтеуі төлеп алынатын акцияларға төлеуге қолма қол ақша ала алатын жерлер жөніндегі мәліметтер (акционерлер – жеке тұлғалар үшін), тұратын жерінің нақты мекен-жайы мен байланыс телефондары міндетті түрде болуы керек.

29. Осы Ереженің 23 тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеу Банктің бас офисінде де, Банктің аймақтық филиалдарында да, сондай-ақ Банктің есеп-кассалық бөлімдері мен тіркеушіде де жүргізіледі.

30. Өзі орналастырған акцияларды Банктің өтеуін төлеп алуы жөніндегі құжаттарды ресімдеу кезінде акцияларды сатуға тілек білдірген акционерлерден мерзімі өтіп кеткен жеке басын куәландыратын құжаттар, уақытша жеке куәліктер, сондай-ақ ескі үлгідегі төлқұжаттар қабылданбайды.

31. Акционермен акцияларды өтеуін төлеп алу бойынша түпкілікті есеп Акцияларды сатып алу-сату Шартында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

32. Осы Ереженің 2 бөлімі тармақтарының әрекеті осы Ереженің 3; 4 және 5 бөлімдеріне де таратылады.

### **3 бөлім. БАНКТИҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛУ**

33. Банктің өз бастамасы бойынша Банк Директорлар кеңесінің шешімі негізінде, егер басқа жағдай “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңында және Банк Жарғысында белгіленбеген болса, орналастырылған акцияларды акционердің келісімімен өтеуін төлеп алуға құқығы бар.

34. Банктің өзінің орналастырылған акцияларын өтеуін төлеп алуға мынадай жағдайларда құқығы жоқ:

- Акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есептілік бекітілгенге дейін, егер осы акциялар, орналастыру қорытындылары жөніндегі есептілік Уәкілетті органмен бекітілмеген шығарылымның акциялары болып табылса;
- Егер, акцияларды өтеуін төлеп алуы нәтижесінде Банктің меншік капиталының мөлшері “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең аз жарғы капиталының мөлшерінен төмен болатын болса;
- Егер, өтеуін төлеп алу кезінде Банкте төлем қабілетсіздігі не Банкротқа ұшырауы туралы ҚР заңнамасына сәйкес дәрменсіздік белгілері болған кезде не көрсетілген белгілер барлық талап етілетін немесе өтеуі төлеп алынуы мүмкін акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

- Егер, сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаған болса;
  - ҚР қолданыстағы заңнамасында және немесе Банктің Жарғысында көзделген басқа да жағдайларда.
35. Банктің бастамасы бойынша өтеуі төленіп алынатын оның орналастырған акцияларының саны Акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін оның жалпы санынан бір пайызға артық болатын болса, бұл жөнінде өз акционерлерін хабардар етуге және кейіннен осы Ереженің 2 бөлімінде белгіленген тәртіппен орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті.
36. Банк Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу жөніндегі шешімде акция түрлері, олар өтеуін төлеп алатын акциялардың саны, өтеуін төлеп алу шарттары, Банк өтеуін төлеп алатын акцияларды сатуға тапсырыстар қабылданатын мерзім және акцияларды өтеуін төлеп алу жүзеге асырылатын және уақыты аяқталғаннан кейін Банк оларды өтеуін төлеп алудан бас тартатын мерзім жөніндегі мәліметтер болуы керек.
37. Банк орналастырған акциялар өтеуін төлеп алуға тапсырыстар қабылданатын уақыт біткеннен кейін Банктің жауапты қызметкері Банктің акционерлер жариялаған өтеуін төлеп алынатын акциялар санының Банктің өтеуін төлеп алуға жариялаған акциялары санымен салыстырады және үйлесім коэффициентін есептейді (қажет болғанда).
38. Банктің өтеуі төленіп алынған құнды қағаздарға арналған шотына акциялардың есептелгендігі жөніндегі акционерлер тізілімінің үзінді көшірмесі негізінде Банктің жауапты қызметкері Бас Банктің Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментіне ақша аудару үшін **Акциялардың толық атауын немесе аты-жөнін, жеке басын кұғландыратын құжатты, акционердің СТН және ақша аудару үшін банктік деректемелерін көрсете отырып** Өкім дайындайды (бұдан әрі - Өкім). **Сонымен қатар Банктің жауапты қызметкері Өкімге Акцияларды сатып алу-сату Шартының түпнұсқасын қоса тігеді.**
39. Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті Өкімде көрсетілген мәліметтерді Акцияларды сатып алу-сату Шартында берілген мәліметтермен салыстырады және Акцияларды сатып алу-сату шартында көрсетілген деректемелер бойынша ақша аударуды жүзеге асырады.
40. Акциялардың өтеуін төлеп алу мерзімі аяқталғаннан кейін, Бас бухгалтерияның back - office шығарылған акцияларды сатып алу нәтижесінде акционерлерден түскен сомалар бойынша Есеп дайындайды және ол Капиталмен жұмыс басқармасына жіберіледі.
41. Ұзақ уақыт бойы акцияларды саудалаған адамдардың талап етілмеген сомалары олардың ағымдағы/жинақ шоттарында талап етілетін кезге дейін сақталады.
42. Акциялардың өтеуі төлеп алынғаннан кейін Капиталмен жұмыс басқармасы Банктің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушының қолымен Банктің жарғылық капиталы мөлшерінің оның өтеуі төлеп алынған акциялар сомасына азайғаны жөнінде Өкім дайындайды.
43. Директорлар кеңесінің өтеуі төленіп алынған акцияларды қолданыстағы заңнамаға және Банктің Жарғысына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен сатуы туралы шешім қабылдауға құқығы бар
44. Банк шығарылған акцияларды өтеуін төлеп алуды жүзеге асыратын уақыт аяқталғаннан кейін Тіркеуші Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінен түпкілікті үзінді Көшірмені жасайды.

***Банк бастамасы бойынша акциялар өтеуін төлеп алу бағасын анықтау әдісі***

45. Акциялар өтеуін төлеп алу бағасын анықтау кезінде Банк Директорлар кеңесінің төмендегідей әдістердің бірімен белгіленген бағалар бойынша акцияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдауға құқығы бар:
- **Құнды қағаздардың ұйымдасқан нарығында орташа есептелген нарық бағасымен;**
  - **Құнды қағаздардың ұйымдасқан нарығындағы ағымдағы нарық бағасымен;**
  - **Банк маркет-мейкері сұранымымен белгіленген бағамен;**
  - **Осы Ережеде қарастырылған басқа да тәсілдермен.**
46. **Құнды қағаздардың ұйымдасқан нарығында орташа есептелген нарық бағасымен Банк акциялары өтеуін төлеп алу.** Банктің өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуы орташа есептелген нарық бағасымен құнды қағаздардың ұйымдасқан нарығында үзіліссіз ыңғайласпа аукцион әдісімен орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу жарияланған күннен кейінгі отыз күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелер мәліметтерінің негізінде жүргізілуі мүмкін.
47. Акцияларды өтеуін төлеп алу жарияланған күннен кейінгі отыз күнтізбелік күн ішіндегі Банк акцияларының орташа есептелген нарық бағасының есебі тек құнды қағаздар саудасын ұйымдастырушының ресми мәліметтері негізінде ғана жүргізіледі. Акциялардың орташа есептелген бағасының есебі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі;
48. Банк жай акцияларының орташа есептелген нарықтық бағасы орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу жарияланған күннен кейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде үзіліссіз ыңғайласпа аукцион әдісімен сауда ұйымдастырушы өткізген саудаларда Банктің жай акцияларымен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің осындай мәмілелердің жай акцияларының жиынтық көлеміне қатынасы ретінде есептеледі және мына формула бойынша жүзеге асырылады:
- $P = V / Q$** , бұнда:
- $P$**  - орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу жарияланған күннен кейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі жай акциялардың орташа есептелген бағасы;
- $V$**  – орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу жарияланған күннен кейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі Банктің жай акциялары бойынша мәмілелердің жиынтық көлемінің ақшаға шағылуы;
- $Q$**  – орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу жарияланған күннен кейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелер жай акцияларының жиынтық көлемі.
49. Банктің артықшылықты акцияларының орташа есептелген нарықтық бағасы жоғарыда келтірілген формула бойынша осындай әдіспен есептеледі. Бұнда тек Банктің артықшылықты акцияларымен жасалған мәмілелер ғана есепке алынады.
50. **Құнды қағаздардың ұйымдасқан нарығында ағымдағы нарық бағасымен Банк акциялары өтеуін төлеп алу.** Банктің өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуы құнды қағаздардың ұйымдық нарығында қалыптасқан ағымдағы нарық бағасы бойынша жүргізіледі, оны сауда ұйымдастырушысы өзінің бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес есептейді және өзінің ресми интернет-сайтында жариялап отырады.
51. Банктің Директорлар кеңесі орналасқан акцияларды құнды қағаздардың ұйымдық нарығында қалыптасқан ағымдағы нарық бағасы бойынша өтеуін төлеп алу жөнінде



шешім қабылдаған кезде Банк акцияларды өтеуін төлеп алуды Банк Директорлар кеңесінің орналасқан акцияларды өтеуін төлеп алу жөніндегі шешімі қабылданған апта ішінде сауда ұйымдастырушы есептеген және жариялаған Банк акцияларының ағымдағы нарық бағасына тең бағамен жүзеге асырады.

52. **Банк маркет-мейкері сұранымымен белгіленген баға бойынша Банк акциялары өтеуін төлеп алу.** Банктің өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуы Банк пен маркет – мейкер арасында жасалған шартқа сәйкес Банк акциялары бойынша маркет-мейкер қызметтерін жүзеге асырушы маркет-мейкер сұранымымен белгіленген баға бойынша жүргізіледі.
53. Банктің Директорлар кеңесі орналасқан акцияларды маркет-мейкер сұранымымен белгіленген баға бойынша өтеуін төлеп алу жөнінде шешім қабылдаған кезде Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алатын күні маркет-мейкер Банктің акцияларына маркет-майкер сұранымымен белгіленген ағымдағы бағаға сәйкес келетін баға бойынша жүзеге асырады.
54. Егер, маркет-мейкердің Банк акциялары бойынша қызметтері құнды қағаздар нарығының бір кәсіби қатысушысын жүзеге асыратын болса, акцияларды өтеуін төлеп алу бағасына Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алатын күні маркет-мейкер Банк акциялары бойынша жариялаған Банктің акциялары сұранымына белгіленген ең жоғары баға алынады.
55. **Банк акцияларын өтеуін төлеп алудың өзге де тәсілдері.** Акционерлер Банк акцияларын құнды қағаздардың қайталама нарығында сатқан жағдайда, Банктің акциясын сатуға тілек білдірген тұлғаға акцияларды Банктің өзінің сатып алуына немесе ұсынылған бағадан жоғары баға бойынша үшінші бір тұлғаларға сатуына ұсыныс білдіруіне құқы бар.
56. Ұйымдасқан нарықта көп уақыт бойы Банк акцияларымен мәмілелер жасалмаған немесе Банктің маркет-мейкері болмаған кезде Банк бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдар алдында шығарылған акцияларды өтеуін төлеп алу бағасын Директорлар кеңесі өздігінен белгілейді.

#### **4 бөлім. АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАП ЕТУІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛУ**

57. Шығарылған акцияларды акционердің талабы бойынша Банктің өтеуін төлеп алу тәртібі. Орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуды Банк акционерінің төмендегідей жағдайларда талап етуі бойынша Банк жүзеге асырады:
- 1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта құру туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер, акционер Банкті қайта құру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);
  - 2) Ірі мәмілелер жасау жөніндегі шешіммен және (немесе) жасалуына Банктің мүддесі бар мәмілелер жасау туралы шешіммен келіспеген жағдайда;
  - 3) Банк Жарғысына акционерге тиісті акциялар бойынша құқықтарын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдаған жағдайда (егер, акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған болса, немесе жиналысқа қатысып, оған қарсы дауыс берсе).
58. Осы Ереженің 57 тармағының 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер болған кезде Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде акционердің Банкке жазбаша арыз жолдау

арқылы өзіне тиісті акцияларды өтеуін төлеп алуы жөнінде Банкке талап қоюына құқығы бар.

59. Акционердің өзіне тиісті акцияларды өтеуін төлеп алуы жөніндегі арызында өтеуін төлеп алу туралы нақты және бір мағыналы талабы, акционер өтеуін төлеп алуға ұсынатын акциялардың саны мен түрі, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілу керек.
60. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды өтеуін төлеп алуы жөніндегі арызы оның ресми орналасқан мекен-жайы бойынша Банктің Бас офисіне жолдануы керек.
61. Көрсетілген арыз қабылданған күннен бастап отыз күн ішінде Банк акционердің акцияларын өтеуін төлеп алуға міндетті.
62. Банктің Директорлар кеңесі Банк акционердің арызын қабылдаған күннен бастап 20 күнтізбелік күннен кешіктірмей акционердің акцияларды өтеуін төлеп алу жөніндегі талабын қарауы керек.
63. Банк Директорлар кеңесінің осы Ереженің 57 тармағының 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер болмаған жағдайда, сондай-ақ заңнамада көзделген және Банктің орналастырылған акцияларды өтеуін төлеп алуына тиым салынатын басқа да жағдайларда, Банктің Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде акционерге акцияны өтеуін төлеп алудан бас тарту себептері көрсетілген хабарлама жолдай отырып, акционердің акцияларды өтеуін төлеп алуына рұқсат бермеуге құқығы бар.
64. Банктің Директорлар кеңесі акцияларды өтеуін төлеп алу жөнінде шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл жөнінде арыз берген акционерге оның өтінішінің қанағаттандырылғандығы жөнінде, акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционер тұратын жерге жақын маңдағы Банк филиалының немесе есеп-кассалық бөлімдердің мекен-жайлары мен телефондары көрсетілген хабарлама жолданады.
65. Банктің акцияларды өтеуін төлеп алуы осы Ереженің 2 бөлімінің 23 – 31 тармақтарында және ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

***Акционердің талап етуі бойынша акцияларды өтеуін төлеп алу бағасын анықтау әдістемесі .***

66. Орналастырылған акцияларды акционерінің талап етуі бойынша Банктің өтеуін төлеп алу бағасын осы Ереженің 3 бөлімінің 45 – 56 тармақтарына сәйкес Банктің Бас офисінің Кеңесінде Акционердің акцияларды өтеуін төлеп алуға берген арызы тіркелген күндегі жағдай бойынша Банктің Директорлар кеңесі белгілейді.

## **5 бөлім. АКЦИОНЕРДІҢ АРЫЗЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛУ**

67. Акцияларды Банктің өз бастамасы немесе акционердің талап етуі бойынша өтеуін төлеп алатын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа кездерде, орналастырылған акцияларды акционердің арызы бойынша Банктің өтеуін төлеп алу тәртібі.
  - 1) Банктің өзіне тиісті акцияларын сатуға тілек білдірген акционердің оларды Банктің өтеуін төлеп алуы туралы арыз беруіне құқығы бар.
  - 2) Акционердің өзіне тиісті акцияларды өтеуін төлеп алуы жөніндегі арызы жазбаша түрде жазылуы және онда акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау туралы нақты және бір мағыналы ұсыныс, акционерге өтеуін төлеп алуға ұсынатын

акциялардың саны, ұсынылатын сату бағасы, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілу керек.

- 3) Акционердің өзіне тиісті акцияларды өтеуін төлеп алу жөніндегі арызы Банктік Бас офисіне жолдануы керек.
- 4) Акционер ұсынған акцияларды өтеуін төлеп алу жөніндегі арызды ол келіп түскеннен кейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей Банктің Директорлар кеңесі қарауы керек. Акционердің Банкке арыз берген күні болып, оны Банк Бас офисінің Кеңесінде тіркеген күн табылады.
- 5) Акционердің арызында көрсетілген акцияларды өтеуін төлеп алумен/мәміле шарттарымен Банктің Директорлар кеңесі келіспеген жағдайда, Банк Директорлар кеңесінің акционердің өтінішін қабылдамауына немесе Банк Басқармасына мәміле шарттары бойынша келісімге келу үшін акционермен келіссөз жүргізуді тапсыруына құқығы бар.
- 6) Банк Басқармасы өтеуін төлеп алу талаптары бойынша келісімге келу үшін акционермен келіссөз жүргізген жағдайда, өтеуін төлеп алу немесе одан бас тарту жөніндегі түпкілікті шешімді Банк Басқармасынан акционермен жүргізілген келіссөз қорытындылары туралы ақпарат алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды..
- 7) Банктің Директорлар кеңесі акцияларды өтеуін төлеп алу жөнінде шешім қабылдаған жағдайда, өзіне тиісті акцияларды өтеуін төлеп алуға ұсынған акционерге Банк Директорлар кеңесінің акционердің акцияларын өтеуін төлеп алу жөнінде шешім қабылдағандығы, өтеуін төлеп алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы хабарлама жолдайды, сондай-ақ акционер өзіне тиісті ақпарат алатын мекен-жай мен телефондар, акционер сатып алу-сату шартын жасау үшін белгіленген және уақыты біткеннен кейін Банк акцияларды өтеуін төлеп алудан бас тартатын мерзім көрсетіледі.
- 8) Банктің акцияларды өтеуін төлеп алуы осы Ереженің 2 бөлімінің 23 – 31 тармақтарында және ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

*Акционердің арызы бойынша акцияларды өтеуін төлеп алу бағасын анықтау әдістемесі*

68. Шығарылған акцияларды акционердің арызы бойынша Банктің өтеуін төлеп алу бағасы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

## **6 бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

69. Осы Ереже Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.
70. Егер, Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе Банк Жарғысы өзгеруі нәтижесінде осы Ереженің жекелеген баптары ол өзгерістермен қарама-қайшы келген жағдайда, Ережеде қолданыстағы заңнама мен Банк Жарғысына қайшы келмейтін бөлімдер қолданылады.

Басқарма төрағасы

А.А. Кебиrow

Бас бухгалтер

Х.Х. Абдраева

Ішкі аудит департаментінің директоры

Д.Т. Жанғырбаев